

## **Инвотакси қызметін алушылардың санатын кеңейту туралы**

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Осакаров ауданының әкімдігінің 2022 жылғы 9 маусымдағы № 46/01 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 16 маусымда № 28466 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Осакаров ауданының әкімдігінің 2023 жылғы 10 қазандағы № 86/02 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Осакаров ауданының әкімдігінің 10.10.2023 № 86/02 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 11-бабы, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрі міндетін атқарушысының 2013 жылғы 1 қарашадағы №859 бұйрығымен бекітілген "Автомобиль көлігімен мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" 31-тармағына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8950 болып тіркелген) сәйкес Осакаров ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Осакаров ауданының әкімдігінің 01.02.2023 № 06/01 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

1. Осакаров ауданының аумағында инвотакси қызметін алушылардың санаты келесі тұлғалар санаттарымен кеңейтілсін:

- 1) жүріп - тұруы қиын мүгедектігі бар балалар;
- 2) аутистік спектрдің бұзылуы бар мүгедектігі бар балалар;
- 3) Даун синдромы бар мүгедектігі бар балалар;
- 4) церебралды параличі бар мүгедектігі бар балалар.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Осакаров ауданының әкімдігінің 05.04.2023 № 28/01 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Осакаров ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК